ЖАРИЯ ОФЕРТА
EDOC.KZ электрондық сервистерге қолжетімділік беру бойынша қызмет көрсету туралы

Бұдан былай «Оператор» деп аталатын «MITWORK» ЖШС, бұдан былай «E-DOC Қатысушы» деп аталатын кез келген жеке кәсіпкерге, заңды және жеке тұлғаға Интернет жүйесінде ақылы электрондық қызметтерді (бұдан былай - Қызметтер) көрсетуді ұсынады.
Осы ұсыныс Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан былай – ҚР АК) 395 бабына сәйкес жария офертасы болады (бұдан былай – Шарт), Оператордың порталында орналасқан «E-DOC пайдалану туралы Келісімге» қол қойып және https://edoc.kz мекенжайы бойынша орналасқан Оператордың Порталында тіркеу бойынша әрекеттерді жасау жолымен - Қатысушымен конклюденттік бағдарлы іс-қимылды іске асыруы ҚР АК 396 бабына сәйкес толық және сөзсіз талаптарын қабылдау (акцепт) деп саналады.
ҚР АК 395,396 баптарына сәйкес төмендегі талаптарды қабылдаған жағдайда осы офертаның акцептін атқаратын жеке кәсіпкер, заңды және жеке тұлға - Қатысушы, ал Оператор және Қатысушы бірлесіп – Оферта шартының Тараптары болады.

1. Основные термины и определения

1.1. **E-DOC** - бизнес пен азаматтар үшін заңды мағыналы құжаттармен алмасу жүйесі.
1.2. **E-DOC электрондық сервистері (ЭС)** - электрондық құжаттармен алмасу, қол қоюды, келісуді, өңдеуді және қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Жүйенің функционалы.
1.3. **Акцепт** - Оферта жолданған жақтың оны қабылдағаны туралы жауабы.
1.4. **Оферта** - Шарт жасасу туралы бір немесе бірнеше нақты жақтарға жасалған ұсыныс, егер ол жеткілікті дәрежеде айқын болып, ұсыныс жасаған жақтың ол қабылданған жағдайда (акцепт) өзін сонымен байланысты деп есептеу жөніндегі ниетін көрсету.
1.5. **Офертаның акцепті** — E-DOC қолдану туралы Келісімге қол қоюмен (бұдан былай – Келісім) және жеке тұлғаның және/немесе жеке кәсіпкер, заңды тұлғаның атынан Портал Қатысушысын тіркеу әрекеттерін іске асыру жолымен оферта талаптарын толық және сөзсіз қабылдау.
1.6. **Жария оферта** — офертаның акцепті арқылы жасалатын E-DOC Порталының сервистеріне қолжетімділікті ұсыну бойынша Оператормен Қатысушы арасындағы осы Шарт.
1.7. **E-DOC Операторы** (бұдан былай – Оператор) - E-DOC пайдалану Ережелеріне, осы Шартқа сәйкес, Порталда ақпаратты алмастыруға және орналастыруға уәкілетті, таратуға құқығы бар және E-DOC иеленетін тұлға, «MITWORK» ЖШС.
1.8. **E-DOC Қатысушысы** – Куәландырушы орталықпен Тіркеу күәлігінің Иелерін мәлімдеуге құқықтар берілген электрондық құжаттарды тарату, іздеу, беру, сақтау, өңдеу, жинау процессіне қатысатын жеке немесе заңды тұлға, жеке кәсіпкер немесе лауазымды тұлға.
1.9. **E-DOC Пайдаланушысы** – E-DOC Қатысушысы атынан Порталда әрекет ететін және E-DOC Қатысушысымен оның мүдделерін Порталда білдіруге рұқсат берілген, Портал қызметтерімен пайдаланатын және/немесе Порталмен көзделген рөльдермен E-DOC

тіркелген кез келген жеке және/немесе заңды тұлғаның, өкілдіктің, филиалдың үәкілетті өкілі, жеке кәсіпкер.

1.10. **E-DOC пайдалану ережелері** – электрондық құжат айналымы жүйесінде жұмыс тәртібін, https://edoc.kz/ru/pages/show/rules мекенжайы бойынша орналасқан E-DOC Электрондық Порталды пайдалану ережелерін, шарттарын белгілейтін осы құжат.

1.11. **ЭЦҚ** –Пайдаланушының Порталмен әрекеттерінің заңды маңыздылығын, тексеру және қол қою үшін қолданатын, Қазақстан Республикасының Ұлттық Күәландырушы орталығымен берілген электрондық-цифрлық қолтаңба.

1.12. **Сәйкестендіру** – Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәлігі (сертификаты) арқылы пайдаланушының түпнұсқалығын растау рәсімі.

1.13. **Порталда тіркелу** – ҚР ҰҚО берген сертификат арқылы порталда Қатысушының есеп жазбасын құру және Қатысушыны сәйкестендіру рәсімі.

1.14. **Авторизациялау, құаттау** – пайдаланушының E-DOC немесе E-DOC функционалдық модуліне қол жеткізу құқығын тексеру рәсімі.

1.15. **Абоненттік төлем -** белгіленген уақыт кезеңіне Операторға алдын ала төлеммен төленетін Порталдың белгіленген қызмет мөлшерін пайдалану үшін ақшалай қаражат.

2. Шарттың мәні

2.1. Осы Шартқа сәйкес Оператор Қатысушыға «қалай бар» қағидаты бойынша (Порталда олар қалай дайындалып және ұсынылды) Порталдың электрондық сервистеріне қол жетімділік мүмкіндігін ұсынады (бұдан әрі- Қызметтер).

2.2. Қатысушы Порталда орналасқан және қолданыстағы Порталды қолдану Тарифтерімен және осы Шартпен анықталған тәртіпте және талаптарда осы Шарттың 2.1. бабында көрсетілген Қызметтерді төлеуге және Порталды пайдалану Ережелерін (https://edoc.kz/ru/pages/show/rules) сөзсіз ұстануға және танысуға өзіне міндетке алады.

2.3. E-DOC Операторы мен Қатысушының техникалық өзара әрекет тәртібі осы Шарттың ажырамас бөлігі болатын E-DOC пайдалану Ережелерінде (https://edoc.kz/ru/pages/show/rules) орнатылады.

2.4. Қызметтердің тізімі және сипаттамасы, және олардың бағасы Қызметтердің тиісті Тарифтерінде көрсетілген және Оператормен Порталда орналастырылады:

2.4.1. Тарифтер орналасқан сілтеме https://edoc.kz/ru/pages/show/customer_tariff);

3. Шартты жасау тәртібі

3.1. Осы Шарт жария шарт болады (ҚР АК 387 бап 1 тар.), оған сәйкес Оператор өзіне өтініш білдірген әрбіреу жайында E-DOC сервистеріне қолжетімділікті ұсынуға өзіне міндет алады.

3.2. Шарттың жасалған күні болып Қатысушы Оператордың Порталында тіркелген күні немесе Келісімге қол қою күні болып саналады, даталардың қайсысы кеш болғанға байланысты.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1.Оператор міндетті:

- Порталдың электрондық сервистеріне қатысушыға қолжетімділікті қамтамасыз етуге;
- Портал Қызметтерін төлеудің және тұтынудын есебін жүргізуге;
- Порталды пайдалану ережелерімен және Қазақстан Республикасының

қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қатысушыдан тіркеу кезінде алынған ақпарат құпиялығын сақтауға;

- Тіркеу кезінде Қатысушымен көрсетілген электрондық мекенжайына хабарлама жіберу арқылы Қатысушыны хабардар етуге немесе Оператордың сайтында және/немесе Порталда Порталды пайдалану ережелерінің өзгергенімен, жаңа тарифтер енгізуемен және/немесе өзгеруімен, Портал жұмысымен байланысты ресми хабарламалар жариялауға;
- Порталда орналастырылған қызмет көрсету сәтіне қолданыстағы Портал тарифтеріне сәйкес және Қатысушының таңдалған тарифтік жоспарымен сәйкес Порталдың Қызметтерін төлеуге Шоттар ұсынуға;
- Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің Қатысушылары үшін Шот-фактуралар ұсынуға, Қатысушылардың талабы бойынша және жұмыстарды/қызметтерді тапсыру-қабылдау Актілерінде.

4.2.Оператор құқылы:

- тіркеу кезінде Қатысушысымен берілген ақпараттың дұрыстығына күмән пайда болған жағдайда тексеру шараларын жүргізуге, және дерексіздік анықталған жағдайда E-DOC Қатысушысына E-DOC қызметтеріне қолжетімділікті оқшаулауға;
- E-DOC-та тексеру шараларын жүргізген кезде осы E-DOC пайдалану Ережелеріне сай әрекет етуге және шешімдерді қабылдауға;
- E-DOC қызметтеріне Қатысушыға қолжетімділікті оқшаулауға, егер оның әрекеттері E-DOC пайдалану Ережелеріне және/немесе Қазақстан Республикасынынң қолданыстағы Заңнамасына және/немесе осы Шарттың талаптарына қайшы келгенде, және E-DOC пайдалану Ережелері E-DOC Қатысушысымен бұзылған жағдайда;
- Порталда техникалық жұмыстар туралы алдын ала хабарлаумен ұсынылаған қызметтердің сапасын арттыру мақсатында E-DOC қызметін тоқтатумен жоспарлы техникалық жұмыстарды жүргізуге;
- Өзгерістерді Порталда орналастыру және бекіту арқылы бір жақты түрде E-DOC жұмыстарды реттеуші және нұсқаулық құжаттарды, E-DOC пайдалану тарифтерін, E-DOC пайдалану Ережелерін, сондай-ақ осы Шартты өзгертуге және толықтыруға;
- Шарттың талаптары бұзылғанда және 15 күнтізбелік күннен астам төлем мерзімі өткенде қызмет көрсетуді тоқтатуға;
- Осы Шарттың қолданыс мерзімі ішінде компанияның атауын және/немесе логотипын өз клиенттері тізіміне кіргізуге және өз интернет-ресурстарында орналастыруға;
- 3 айдан астам мерзімге Қызметтер үшін төлеу болмағанда Оператордың алдында қарызды төлеген сәтке дейін Қатысушыны оқшаулауға;
- E-DOC ақпаратын иеленуге өзінің ерекше құқығын пайдалануға;
- Форс-мажорлық жағдайлар туындағанда қызмет көрсетуді тоқтатуға.

4.3.Қатысушы міндеттенеді:

- Осы Шартқа қол қойған сәтке дейін оның мазмұнымен және талаптарымен танысуға;
- Қатысушы осы Шартпен, тарифтермен, Порталды пайдалану Ережелерімен келіспеген жағдайда Қатысушы Порталды пайдалануды дереу тоқтату қажет;
- Оператордың талабы бойынша және уақтылы E-DOC толық нақты ақпаратты беруге, сондай-ақ осы ақпараттың нақтылығын растайтын қажетті құжаттар ұсынуға;

- E-DOC пайдалану Ережелерін сақтанып E-DOC Қызметтерін пайдалануға, E-DOC пайдалану Ережелерінде көрсетілген барлық талаптар мен рәсімдерді орындауға;
- Осы Шарт талаптарына, Порталды пайдалану ережелеріне және қолданыстағы тарифтерге сәйкес Оператордың қызметтерін қабылдауға және төлеуге;
- Порталда жарияланатын Порталды пайдалану Ережелерімен, тарифтер туралы Оператордың ресми ақпаратымен 7 күнтізбелік күш ішінде бір реттен кем емес танысуға;
- Техникалық мәселе болған жағдайда support@mitwork.kz мекенжайына электрондық хабарламаны жіберу арқылы Операторға бұл туралы мүлтіксіз хабарлауға.

4.4.Қатысушы құқылы:

- осы Шарт талаптарына сай Оператордан қызмет көрсетуді талап етуге;
- Порталда жайғастырылған нұсқаулық материал және Порталды пайдалану Ережелеріне сәйкес өз мекеме туралы E-DOC-те орналастырылған ақпаратты өзгертуге.

5. Төлеу тәртібі

5.1. Тараптар арасындағы төлемдер Портал Операторының есеп шотына аудару арқылы теңгеде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін шотты ұсыну күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бағамы бойынша АҚШ долларында немесе Қазақстандық теңгеде есеп айырысу мүмкін. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген шарттарда және жағдайларда немесе олармен орнатылған тәртіпте шет валютасында есеп айырысуға рұқсат беріледі.

5.2. Порталда жарияланған E-DOC Операторымен бекітілген Тарифтерге сәйкес E-DOC Қатысушысы E-DOC Операторының қызметтерін төлейді (https://edoc.kz/ru/pages/show/customer_tariff).

5.3. Тарифтер E-DOC Оператормен бір жақтылы тәртіпте Порталда тиісті ақпаратты жариялау арқылы өзгертуге мүмкін. Бұл ретте Қатысушымен төленген қызметтер өзгертуге жатпайды.

5.4. Шарт бойынша абоненттік төлем Портал Операторының есеп шотына аудару арқылы Шот қойылған күнен бастап 5 банктік күн ішінде E-DOC Қатысушысымен алдын ала төлеумен жүзеге асырылады.

5.5. Оператордың есеп шотына ақшалай қаражаттың түскен күні төленген күні болып саналады.

5.6. Қатысушымен E-DOC жеке кабинетінде Порталда сәтті тіркелген туралы электрондық хабарлама алынып және E-DOC электрондық сервистеріне қолжетімділікті ұсыну фактісі бойынша Қатысушымен Қызметтер қабылданды және толығымен көрсетілді деп саналады.

5.7. Қызмет көрсету фактісі бойынша Оператор Қатысушыға шот фактураны ұсынады. Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес Оператор электрондық шот фактураны https://esf.gov.kz мекенжайы бойынша орналасқан ақпараттық жүйе арқылы қоюға құқылы.

5.8. Оператор өз қалауынша E-DOC Қатысушысына Қызметтерді кредитке кейінгі шотты ұсынумен көрсетуге құқылы, бұл ретте Қатысушы осы шотты ол қойылған сәттен 3 (үш) жұмыс күн ішінде төлеуге міндетті.

5.9. Қызметтердің төлемін кешіктірген жағдайда Оператор қызмет көрсетуді тоқтатуға (Порталға қолжетімділікті оқшаулауға) және Қатысушыдан төлеу мерзімін өткізіп алған әр күнге шот сомасынан 0,1% мөлшерде өсімпұл (бірақ төлем

сомасынан 5% артық емес) және 2 АЕК мөлшерде айыппұл өндіруге құқылы.

5.10. Шарттың 10.2. бабындағы тәртіпте E-DOC Қатысушысының ықыласы бойынша шарт бұзылған жағдайда, Шарт бойынша салынған абонеттік төлем қайтаруға жатпайды.

5.11. Порталда қолданған барлық сомалар мен мөлшерлер ҚҚС (Қосылған құн салығы) есебісіз келтірілген.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарт талаптарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

6.2. Шарт бойынша міндеттерді бұзған жағдайдағы тұрақсыздық айыбының мөлшері Тарифтерде көрсетілген (https://edoc.kz/ru/pages/show/customer_tariff).

6.3. Қатысушының E-DOC жұмысына қажетті аппартық-техникалық кешенінің сәйкессіздік себебінен Қатысушыға келген залалдарға, зияндарға және басқа шығындарға Оператор жауапты болмайды (қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей), атап айтқанда:

– E-DOC жұмысынның талаптарын қанағаттандыратын қажетті жиынталған бағдарламалық-аппараттық мүмкіндігі бар компьютерлік техниканың Қатысушыда жоқтығы;
– E-DOC Қатысушыға толығымен жұмыс жасауға мүмкідік бермеген Қатысушының компьютерлік техникасында болған орнатулар және бағдарламалық-аппарттық шектеулердің болуы;
– Қатысушының компьютерлік техникасының вирустармен зақымдану себебімен Қатысушының E-DOC жұмысты орындаудың мүмкін еместігі (бұл жағдайда E-DOC Қатысушының компьютерлік вирустармен зақымданған компьютерінен ешбір ақпаратты өткізбейді);
– E-DOC Қатысушысын Интернет жүйесінен регламенттелмеген және күтпеген уақытша айыруға әкелген және Қатысушыға E-DOC толығымен жұмыс жасауға мүмкіндік бермеген Қатысушының ұймындағы техникалық сүйемелдеу бөлімімен еңгізілген шектеулері және тораптық жүйесінің жұмысындағы кемшіліктері, және де Қатысушының ұймындағы техникалық сүйемелдеу бөлімінің аппаратық-бағдарламалық кешен жұмысының ақауы;
– E-DOC Қатысушысын Интернет жүйесінен регламенттелмеген және күтпеген уақытша айыруға әкелген және Қатысушыға E-DOC толығымен жұмыс жасауға мүмкіндік бермеген Қатысушының ұймындағы Интернет-провайдерімен еңгізілген шектеулер және тораптық жүйесінің жұмысындағы кемшіліктері, және де Қатысушының Интернет-провайдерінің аппаратық-бағдарламалық кешен жұмысының ақауы;
– E-DOC Қатысушысын Интернет жүйесінен регламенттелмеген және күтпеген уақытша айыруға әкелген және Қатысушыға E-DOC толығымен жұмыс жасауға мүмкіндік бермеген Қатысушымен лицензиясыз бағдарламалық жасақтаманы қолдануы.

6.4. Егер Қатысушының өз айыбынан (Қатысушының мекеме қызметкерлерімен) E-DOC Қатысушымен орналастырған ақпарат үшінші тұлғаларға мәлім болып, олар оны Қатысушының ұймына зақым келтіру мақсатымен пайдаланса, Оператор Пайдаланушының алдында ол үшін жауап бермейді.

6.5. Қатысушы E-DOC берілген ақпараттың нақтылығы және толықтығы үшін жауапкершілік көтереді. Толық емес және қате ақпарат берілген жағдайда, ақпарат уақтылы берілмеген жағдайда, Осы Шарттың орындалуына және жасалуына байланысты ЕЭП туралы құпия ақпарат Қатысушыға мәлім болып онымен ашылған жағдайда, Қатысушы басқа Қатысушыларға және/немесе Операторға Қатысушымен тиісті хабарланған сәттен бастап 10 жұмыс күн ішінде келтірген зиянды толық мөлшерде өтейді.

7. Құпиялық

7.1. Қатысушы мен Оператор Порталды пайдалану барысында оларға мәлім болған коммерциялық, қаржылық және технологиялық ақпараттар құпия болып танылады деп келіседі, алынған ақпаратты жариялаудан сақтау үшін Тараптар барлық қажетті шараларды қолданады.

7.2. Қатысушы мен Оператор құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламауға міндеттенеді (заңнамаға және осы Шарттың талаптарына сәйкес қажетті жағдайларды қоспағанда).

7.3. Қатысушымен үшінші тұлғаларға контрагенттің коммерциялық құпиясына жататын құпия ақпараты жариялаған жағдайда, кінәлі Қатысушы басқа Қатысушыға келген залалдарды өтуге міндетті.

7.4. Егер Қатысушының өз айыбынан (Қатысушының мекеме қызметкерлерімен) Қатысушымен Порталда орналастырған ақпарат үшінші тұлғаларға мәлім болып олар оны Қатысушының ұйымына зақым келтіру мақсатымен пайдаланған жағдайда, Оператор Пайдаланушының алдында ол үшін жауап бермейді.

7.5. Оператормен Қатысушыға E-DOC жұмыс жасау және кіру үшін берілген сәйкестендіру және құаттау құралдары құпия деректер болады және үшінші тұлғаларға беруге жатпайтындығын Қатысушы мойындайды және келіседі.

8. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

8.1. Тараптар осы Шартпен көзделген міндеттерді лайықсыз орындамағаны және/немесе орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер лайықсыз орындау және/немесе орындамауы төтенше жағдайлардың әрекеті салдарынан болып, осындай жағдайлардың әрекетіне жүгінген Тараптың ешқандай жолмен бетін қайтаралмайтыны анық болғанда. Осындай жағдайларға, қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей: табиғи апаттар, өрт, жаппай тәртіпсіздіктер, әскериіс-қимылдар, ҚР тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте интернет-жабу өшіру; мемлекеттік үәкілетті органдардың тыйым салатын және шек қоятын актілері, E-DOC жұмыс істеуіне тікелей қатынасы бар байланыс арнасының немесе дата-орталығының жарамсыздығы жатады.

8.2. Төтенше жағдайлардың әрекетіне ұшыраған Тарап екінші тарапқа 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде болған жағдайлардың басталуы және тоқтату әрекеттері туралы хабарлама жіберіп, және де ондай жағдайлардың басталуын растайтын құжаттарды дәлел ретінде жіберу керек. Еңсерілмейтін күш болғанын растайтын жеткілікті дәлел болып мемлекеттік органдар немесе өзге де құзыретті ұйымдар берген құжаттар болып табылады.

8.3. Төтенше жағдайдың туындауы Шарт орындалуының мерзімінің ұзартуына әкеп соқтырады.

8.4. Егер ондай жағдайлар пайда болған күннен қатарынан 90 (тоқсан) күннен артық ұзаққа созылса, онда Тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа Шартты тоқтату туралы жазбаша хабарлап Шарт бойынша міндеттемелердің әрі қарай орындалуынан бас тартуына құқылы. Осы жағдайда Тараптар Шарттың тоқтау күніне 5 (бес) жұмыс күн қалғанға дейін Шарт бойынша барлық есеп жасасуға міндетті.

9. Қолданылатын құқық. Дауларды шешу тәртібі

9.1. Шарт талаптырының бұзылуына қатысты немесе оның бұзылуына, тоқтауына, жарамсыздығына қатысты немесе осы шартқа байланысты туындайтын барлық даулар, талаптар, таластар Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, «IUS» Халықаралық арбитражда, колданыстағы тәртібіне сәйкес, шешілуіне жатады.

9.2. Төрелік шешім міндетті деп танылады және сотқа жазбаша арыз берілген кезде Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасына сәйкес орындалады

10. Шартың колданыс мерзімі. Шарттың талаптарын өзгерту тәртібі

10.1. Осы Шарт Қатысушы Оператордың Порталында тіркелген күнінен немесе Қатысушыға Келісімге қол қою күнінен бастап күшіне енеді, даталардың қайсысы кеш болғанға байланысты, және мерзімсіз болады.

10.2. Шарттың бұзылуы мүмкін:

10.2.1. Тараптардың келісімімен;

10.2.2. Осы Шарттың 4.2. бабындағы тәртіпте E-DOC Оператормен еңгізілетін өзгертулер E-DOC Қатысушысына колайлы болмағанда, Қатысушы Шартты бұзу туралы жазбаша хабарламаны жіберіп және Порталды колдануды тоқтатуы қажет. Оператормен тиісті жазбаша хабарлама алынғаннан кейін 15 күнтізбелік күн өткен соң Шарт бұзылды деп саналады.

10.2.3. Соттың тиісті шешімі және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген негіздері болғанда бір Тараптың талабы бойынша.

10.3. Шарт бойынша Қатысушы және E-DOC Операторының арасында, осы Шартпен, айыппұл шараларын өтеуді есептегенде, толығымен есеп айырысуы Шарттың тоқтатуының міндетті талабы болады.

11. Басқа талаптар

11.1. Тараптардың декектемелерінде және де E-DOC Қатысушысың тіркеу мәліметтерінде көрсетілген электрондық пошта арқылы кез келген қатынасхаттар, және де Тараптармен электрондық пошта арқылы жіберілген құжаттар заңды күшіне ие және сотта дәлел болуы мүмкін деген келісімге Тараптар келді.

11.2. E-DOC Қатысушысы мен Оператор арасындағы қатынастар осы Шартпен реттеледі, және Шарттың ажырамайтын бөлігі болатын:

– E-DOC пайдалану Ережелері, https://edoc.kz/ru/pages/show/rules мекенжайы бойынша орналасқан;

– E-DOC пайдалану Тарифтері, https://edoc.kz/ru/pages/show/customer_tariff мекенжайы бойынша орналасқан;
– Пайдалану Шарттары, https://edoc.kz/ru/pages/show/conditions мекенжайы бойынша орналасқан

12. Тараптар деректемелері

12.1. Тараптар E-DOC Қатысушысының деректемелері ретінде ол E-DOC тіркеу кезінде E-DOC пайдалану Ережесіне сәйкес көрсеткен мәліметті санауға деп сөзсіз келіседі.

12.2. Оператордың деректемелері:

«MITWORK» ЖШС
Заңды мекенжайы: 050046, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Мынбаев көшесі, 151, “VERUM” БО

Хаттамалар үшін мекенжайы: 050046, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Мынбаев көшесі, 151, “VERUM” БО, 3 этаж, 34 кабинет.
БСН 150240008272
Банк деректемелері:
ЖСК KZ086017131000027679
«Қазақстан Халық банкі» АҚ
БСК HSBKKZKX
Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне тұру туралы куәлік
серия 60001 № 0054647

Бас директор

_____ Кудабаева С.Е.